

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ
ЮНЕСКО, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ
ҚОҒАМДЫҚ МЕДИА КАФЕДРАСЫ
«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІ

**I Кенжалин оқулары аясында өтетін дәстүрлі
«ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ
АҚПАРАТТЫҚ ҮДЕРІСТЕР:
БАҚ менеджменті мен маркетингі және PR»
атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

30 сәуір 2021 жыл

Алматы
Қазақ университеті
2021

Ғылыми редактор
филол.ғ.д., профессор *Н.Т. Шыңғысова*

Жауапты редакторлар
э.ғ.к., доцент *Ж. Бекболатұлы, Д.Ж. Кенжалин*

I Кенжалин оқулары аясында өтетін дәстүрлі «Қазақстан қоғамындағы ақпараттық үдерістер: БАҚ менеджменті мен маркетингі және PR» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 30 сәуір 2021 жыл. / Жауап. ред. Ж. Бекболатұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 249 б.

Жинаққа енгізілген материалдарға автордың өзі жауапты.
ISBN 978-601-04-5771-3

Бұл жинаққа I Кенжалин оқулары аясында өтетін дәстүрлі «Қазақстан қоғамындағы ақпараттық үдерістер: БАҚ менеджменті мен маркетингі және PR» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференцияның материалдары, сондай-ақ, белгілі журналист-ғалым Жұмабек Кенжалиннің мерзімді баспасөзде жарияланған мақалалары мен қаламгер туралы әріптестерінің естеліктері еніп отыр.

Жинақ жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамына, докторанттар мен магистранттарға, студенттерге арналған.

ӨЛЕҢМЕН СОМДАЛҒАН ПОРТРЕТ

Бауыржан Момышұлының өмір жолы өзге шығармаларға да арқау болған. Ол көркем прозаның да кейіпкері, өлең сөздің лирикалық қаһарманына айналған тұлға. Сөзі ойнақы, үні сыңғыр поэзия жанрында да батыр тұлғасы мейлінше шыншыл сомдалды. Алдымен содан басталық.

Суреткердің көркем шығарма жазудағы басты мақсаты – адамға оқиғаны жәй ғана баяндап беру емес, сол арқылы қоғамды, мүмкіндігінше, өмірдегі өзекті шындықты көрсету. Лирикада оқиғадан гөрі отты сезім басымдау келеді, сюжет сол сезім маңына, ішкі жан-дүние құбылысына құрылады. Көңіл бұрар, ой толқытар, иә қуантып, иә қайғыртар, иә сергітер, иә қажытар, субъектінің рухани өміріне нәр берер, жүрегіне ұялар, толғағына айналар нәрсенің бәрі – лирикаға мазмұн. Қазақ поэзиясы – аса бай, ұзақ та даңқты тарихы бар, ең қастерлі қазынамыз, орасан зор рухани игілігіміз. Ол – халық өмірінің, халықтың жан-жүрегінің, ақыл ойы мен сана сезімінің символы. Бар адамды бір адамның қуанышымен қуантып, қайғысымен қайғыртар, құлағымен естіртіп, тілімен сөйлетер күш.

Бауыржан Момышұлы сынды батырдың өр тұлғасын дара-лап, ақындарымыз өз өлеңдерінде өрімдей етіп өрді.

«Мен бір жан өмірімнің өзі дастан
Ыстық, суық ғұламнан көзін ашқан
Көктемдей құбылмалы мінезім бар,
Мейлі күл, мейлің илан, мейлің жасқан».

– деп жырлаған Бауыржан Момышұлының сол теңіздей терең сырға толы өмірінің бір сәттік көрінісін жырларына арқау етіп, тұтастай тұлғаның өшпес өнегелі өмір дастанын әдемі сөздермен әсерлі кестелеп, поэзиямыздың биік шыңына жетеледі. «Лирика – адамның ішкі көңіл күйіне бөлеп, ойы мен сезіміне атастыра суреттейтін терең психологиялық шығарма. Лирикалық

шығармаға ақынның ішкі дүниесінің сыртқы себептермен, жалпы ақиқат шындықтың әсерімен аса қатты толқынуы, автордың өз басының алуан – алуан нәзік түйсіктері, күйініш-сүйініші тән болып келеді» [1, 5 б.].

Ә. Нұршайықовтың естелігі бойынша, бірде «Қазақстан пионері» журналы редакциясы 1 қыркүйекке арнап бір жақсы өлеңге тапсырыс береді. Бұл өтінішті Алмабек ақын қолға алады. Алмабек Қасым Аманжоловпен таныс болуы керек, ол өлеңді ақынның үйіне барып жаздыртуды ойлайды. Сол кезде Қ. Аманжолов «Бауыржан» атты өлеңін жазған екен. Алмабек сол өлеңді маған оқып берді деп аузынан суы құрып келеді. Келесі күні Қасым өзі редакцияға келіп, өлеңді тапсырады. Сол кезде, отырғанның бәрі Бауыржан Момышұлына арнаған өлеңін оқып беруін сұрайды. Қасым Аманжоловтың «Бауыржан» атты өлеңі осылайша жұртшылыққа танылады. Ақын бұл өлеңінде Бауыржанның Отан соғысы кезіндегі ерлігін, өзі көзімен көрген келбетін тамаша суреттеп берген. Ақын сөз атаулының жыр жауһарын жиып бәрінен тамаша өрнек, сурет сала білген. Өлеңді оқыған кезде, біздің көз алдымызда Бауыржан Момышұлының өзі тұрған секілді елестейді:

«Бойы бар бізден гөрі биігірек,
Тіп-тік боп абыройын тұрған тіреп.
Ойы бар бірде дауыл, бірде жалын,
Теңіздей тебіrentкен терең жанын.
Жан ұқпас жұмбақ емес бір жасырын,
Айтады ол тіке қарап жұртқа сырын» [2, 173-174 бб.].
«Бойы бар бізден гөрі биігірек”»,

– деп Қасым Бауыржанның бойының биіктігін ғана меңзеп тұрған жоқ. Ақын Бауыржанның қайталанбас ұлы бейнесін асқақтатуды көздеген. Басқа адамдардан, яғни бізден Бауыржан батыр көктегі шоқ жұлдыздай жарқырап, әрқашан биік тұрады дегенді айтады. Сонымен бірге ол: «келешек келе жатыр көремін деп, тік басып туған жерге жүрген қалпын» деп өзгелерге де міндет артқан. Батыр өмірінің әрбір сәтін қалт жібермей қадағалап, өзі сияқты етіп, қағазға түсіріп кетуді басқаларға парыз еткен. Өлеңде айтылғандардың бәрі шындық: болған оқиға, істелген іс.

Ақын Ә. Тәжібаев 1942 жылдың апрелінде Талғар полкына келеді. Сол жерде Бауыржан мен Әбділда кездескен еді. Бауыржан Момышұлы естелігінде: «Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» дейді қазақ. Соғыста кімді бұрын көрсе, сол қымбат. Әбділданың өзге тұрғыластарымнан ыстық көрінетін бір себебім сол. Және мен үшін өзге ақындар бір төбе де, Әбділда бір төбе» [4, 238 б.], - деп еске алады. Сол жылы майданға барғанда Бауыржан Момышұлы туралы өлеңі жарық көреді. Қазақшасы «Бауыржанға» деген атпен 1945 жылы шыққан «Өлеңдер жинағы» деген кітапта жарияланады. Орысшасы «Великан» деген атпен ақынның 1958 жылы Москвада басылған «Песнь о друге» деген жинағына енеді. Өлеңнің бас жағында ақын балалық шақта Бауыржан екеуінің көк майса кең далада бірге жүгіріп өскенін, садақ тартып, қарға атып ойнағандарын еске алады. Көрші кемпірдің балаларды оттан, судан, қара құстардан қорғайтын алып жайлы айтатын әңгімесін қатар отырып, қызыға тыңдайтындарын, ертегідегі алыпты екеуінің өз әкелеріндей жақсы көріп кеткендерін айтады. Сол бала күнгі досын сағынып, бір көруге зар болып, төбеден неміс самолеттері жаудырған бомбаға да қарамастан ілгері басып келе жатқан сәтін былай береді:

“Келем қалың қар орманмен,
Көрсем деймін тездеп сені
Қара құстар көктен төнген,
Бөгемеші жолда мені.
Шегінбедім, сескенбедім,
Тоқтамады салған әнім
Тек тезірек жетсем дедім
Сағынғаным - Бауыржаным».

Иә, ақын сағыныш сәтін үлкен тебіреніспен суреттейді.

Бұл өлең “Известияға” басылмас бұрын, алдымен республикадағы ана тілінде шығатын газеттерде жарияланады. Майданда Бауыржан деген батырдың бар екені байтақ Қазақстанға, бүкіл Отанға алдымен осылай танылады. Ойлап қарасақ, Ә. Тәжібаев – отты сезімді жалынды жырымен қазақ поэзиясында Бауыржанды ең алғаш жырлаған ақынның бірі. Бұған дейін Бауыржан есімі “Момышұлының бірінші батальоны Горюна, Матренино аудандарында жаумен шайқасты” деген сияқты полктан дивизия

штабына берілген әскери ақпарларда ғана аталып келген. Пулемет ротасының командирі, жас ақын Василий Вершининнің 316-атқыштар дивизиясының органы “За родину” газетінде басылған, Бауыржан Момышұлына арналған мынадай бір ғана шумақ өлеңі болған екен:

«Он помнит, что служит народу,
Что путь нам суров и велик
За счастье людей, за свободу
В бой идет молодой большевик».

Қазақ поэзиясында Бауыржанды ең алғаш жырлаған ақынның бірі – қазақтың аса көрнекті ақыны Әбділда Тәжібаев. Ақынның «Бауыржанға» деген өлеңі “Известия” газетіне “Великан” деген атпен басылады. Бұған дейін Бауыржан есімі әскери ақпарларда ғана аталып келген. Дивизия ақпарларынан Момышұлының есімі ең алғаш “Известия” газетінің бетіне көшеді. Бауыржан атын бүкіл Қазақстанға кеңінен танытқан бұл өлеңді тамаша кеңес ақыны Маршак орыс тіліне аударып, ол есімді барша байтақ Отанға мәшһүр еткен.

Ақын өзі ұнатқан ардагер азаматты ғана жыр етеді, соған ғана өлең арнайды. Теңіздің түбіне сүңгіп алған маржан сияқты асыл қазынасын ақын кез келген жұртқа сыйлай бермейді. Халық сүйген қаһарман ұлды, қадірлі азаматты ғана мадақтайды. Ақын сүйгеніне ғана сүйсіне жыр төгеді. Әбділданың Бауыржанға өлеңінен бастап қазақ ақындары оған бірінен соң бірі жыр арнаса, олардың Бауыржандай батырын пір тұтқаны.

Бауыржан Момышұлы Алматыға демалысқа келіп, содан қайтар жолда ақындар абызы Жамбыл Жабаевқа амандасып шығуды ұйғарады. Осы кезде Жамбылдың хатшысы болған ақын Ғали Ормановтың Бауыржанды бірінші көруі еді. Екеуі біраз оңашада әңгіме-дүкен құрады. Бауыржан Ұзынағаштан аттанып кеткен күні Ғ. Ормановтың батырға арнаған «Полковник» атты өлеңі жарық көреді.

«Кеңесіп көп отырдым полковникпен
Бұлдырап еске түсті өткен-кеткен
Қадалып қабағына көп қарадым
Тұрғандай тұрпатында қазақ біткен.

Қоштастым, құрмет етіп полковникпен,
Қазақтың бір ұлысын үміт еткен.
«Бауыржан!» десе барлық үлкен-кіші,
Елендеп, құлақ түріп көзін тіккен» [2, 288 б.].

Осы өлең жолдары ақын Ғ. Ормановтың Бауыржанды алғаш көргендегі мақтаныш сезімді сәтін бейнелейді. Ақын батыр тұлғасына қадала қарай отырып, өз халқы қадірлеп-қастерлейтін бүкіл дүйім жұртының жүрегінен жылы орын тепкен Бауыржанды “Тұрғандай тұрпатында қазақ біткен” деп қазақтың ер жүрек қаһарман ұлдарының жинақталған бейнесінің символы ретінде бейнелейді. Өлең қарапайым тілмен жазылған. Онда Ғалидың Бауыржанмен бір сәт әңгімелесу кезіндегі көзге түскен мінезі жан-жақты ашылған. Бірде тік, бірде сынық, бірде қатты болып келетін жұмбақ жанның өзгеге ұқсамас өзгеше даралығын дәл тауып, нақышына келтіре, келісті суреттеген.

Қазақтың М. Әуезов атындағы академиялық драма театрында Бауыржан Момышұлының алпыс жасқа толған мерей тойы атап өтілу кезінде Сәбит Мұқанов: «Мен Бауыржанға елу жасқа толғанда шығарған өлеңімді оқимын. Бауыржанға елуінде не тілесем, алпысында да соны тілеймін», – дейді. Сол тойда оқылған, сазды сырға толы өлең жолдары мынадай еді:

«Советтің саналы еркегі» деп,
«Жігіттің қыз қызығар көркемі» деп,
Бауыржан Момышұлы жер жүзінде
Тарапты барлық елге ертегі боп.
Сол үшін Отан мен халқы сүйіп,
Тарихқа кірді бұл да дәл Зоядай,
Немесе секілденіп – Мересьев» [2, 326-327 бб.].

Әдебиетіміздің алыбы, ұлы Сәбең өзінің сырлы сөзбен жырлаған Баукеңдей батыр інісін, жайсаңдығымен жан жадыратар, қаһарымен қара түнек қапатар ер ретінде көрсетіп азаматтық тарихтың ертеңіне жай ғана адам емес, аты аңызға айналып, ерлік істері аңыз болып қалар азамат ретінде енгенін дос көңілімен ағынан жарыла жырлайды.

Атақты қолбасшы Бауыржан Момышұлы бейнесін мүсіндеуге, оның ой-сезімдерін, батырлығын тебірене толғауға баса назар аударған ақындарымыздың бірі – Сағынғали Сейітов. Оның

есімі оқырман қауымға көптен таныс. Сағынғалидің лирикалық қаһарманы – ыстық жүректі, өр қайратты, парасатты патриот, күрескер адам. Сағынғали Сейітов Бауыржан Момышұлына арнап «Тұлғана тозақ жолатпа» атты өлең жазған. Ақынның Бауыржанға деген сүйіспеншілігін, адал ниеттілігін өлеңнің атынан-ақ байқауға болады.

«Бабадан, аға,
Қобыланды жолын қудың ба?
Атадан, аға,
Тарғынға тартып тудың ба?
Қоғамда жана
Ерлікке белің будың ба?
Түлетіп сені
Ұшырған ұяң – Жуалы
Шипалы желі,
Жуалы аузы дуалы
Сенеміз, тегі,
Ерлерді талай туады» [3],

– деп, ақын Бауыржандай батырдың қасиетті Жуалы жерінде дүниеге келгендігін айта отырып, қайталанбас, бір туар ғаламат тұлғасын асқақтатып, қайраттылығын қыран бүркітке балап тамаша суреттеген. Қиян-кескі соғыста Отан үшін кеудесін оққа төсеген Бауыржанның батырлығын ақын нақышына келтіре, ағынан жарыла жырлайды.

«Комбатқа сенім
Жүктеді жұрттың күллісі.
Өтінде оқтың,
Қалқан боп тұрды бұл кісі.
Шалқыды тудай,
Баукеңнің ерлік үлгісі» [3].

Ақын Бауыржанның ерен ерлігін, халықтың сенімінен шыққандығын, адамзат тағдырына деген жауапкершілігін, Отанға деген махаббатын жырлай отырып, отыз төрт жаста полковник атағын алғандығын мақтанышпен сөз етсе, өлеңнің үшінші бөлімінде ақын Бауыржанның ер тұлғасын сомдап, оны бар болмысымен ашып көрсете білген. Төгіліп түскен өлең жолы мынадай еді:

«Абайлап қара, пендей,
Тал бойы біткен сұңғақ.
Қапсағай нар емендей,
Қайысып, қалай сынбақ?
Мұз бекіп қабағында,
Мізбақпай қарысқандай.
От шашқан жанарында,
Найзағай жарысқандай» [3].

Ақын батыр сымбатын қапсағай нар еменге теңей отырып, батырдың өзіне ғана тән қайталанбас мінезінің емендей берік, оңайлықпен сынбайтын тік екенін дәл тауып суреттейді. Ақын Бауыржанның шынайы тұлғасын, батырлық қаһармандық бейнесін жасап, оның батырға лайық характерін ашып көрсете алған. Ақын көкірегіндегі сезім – халық сезімі, ақын көңіліндегі қуаныш, мақтаныш – халық сыры сияқты сезіледі.

Аты аңызға айналған батыр Бауыржан Момышұлын өзіне пір тұтып, оған деген інілік сезімін жыр жолдарына түсірген қазақ поэзиясының кейінгі буын өкілі, ақиық ақын – Мұқағали Мақатаев. Жылдар өткен сайын қаламы өткірленіп, шеберлігі шыңдала түскен ақынның Бауыржан Момышұлына арнау өлең жолдары мынандай:

«Қынабына сап қойдым үмітпенен,
Оның несін жасырам бүгін сенен.
Саған, аға, сақталған бір сый бар-ау,
Назарына ешкімнің ілікпеген.

Алтын да, алмас та емес жалтылдаған,
Бір сый бар, аға, саған тартылмаған!
Ұрпақтар аңыз етіп айта жүрер,
Сыйдан да он есе артық даңқың маған» [4].

Ақын маржандай тізілген мөлдір жырмен жау шапқыншылығынан Отанын азат етуге атсалысқан қазақтың Бауыржандай батыр ұлының ешкімнің назарына ілінбегенін нали отырып жеткізеді. Халқы үшін қан майданда от кешкен, талай арпалысты шайқастарды бастан өткерген қайталанбас ер тұлғаның аты кейінгі ұрпаққа өшпес аңыз болып қалуы, өкімет берген сыймен, ұсынылмаған сыйдан да артық екенін ыстық сезіммен жеткізеді.

Сыршыл ақын Бауыржандай батырды қазақ поэзиясының биік шыңына көтеріп, өз жүрегінің аманатын осы сазға толы өлең толғаныстары арқылы айта білген. Өлең техникасын еркін меңгеріп, ойды салмақтандыру, оған мағына, көркемдік тереңдік жағынан жүк арту барысында Мұқағали – мықтап өскен ақын. Оның “Бауыржан Момышұлына” атты өлеңі – қазақ поэзиясындағы арынды ағысты арна, әдибиетімізге тыңнан қосылған зор олжа.

Бауыржанға арналған поэзиялық шығармалардың ішіндегі ең көлемдісі Мыңбай Рәштің “Ерлік дастаны” атты поэмасы. Мұнда батыр бабымызбен қатар Панфилов, Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин, т.б. образдар сомдалған. Осы ер тұлғалы серіктестерімен бірге Бауыржанның қызу соғыс майданында дұшпанға қарсы тұрып, жауға қарсы соғысындағы соғыс шындығы суретінің нанымдылығы, ер ұландар ерлігі мен рух-жігерінің қуатын көрсете білуі өте тартымды.

Отырды Мәлік баяндап,
Бұйрығын Момышұлының:
– Қалмайық қапы баяулап,
Кешіктің – онда құрыдың!

Соққының мықты бір басы –
Бородинода байқаңыз...
Жаудың тұр «СС», «Ку басы»
Құрытып соны қайтамыз! [5, 126 б.].

Поэмада соғыс батырларының рухын көтеру мақсатында бабаларымызды жырлап әуенге қосқан жерлері де бар. Поэманың ең бір қызықты да, өнегелі жері Бауыржанның Панфиловтай ұстазынан алғаш алғыс алған тұсы. Енді соны келтірейік:

Чапаевпен бір өткерген,
Ерлігі аян сан қилы:
– Бауыржан, сені күткен ем,
Кел, отыр, – деді, – Панфилов!–
Жарайсың бауырым, Бауыржан,
Соғысу керек осылай!
Өнеге өшпес қалдырған!
Жігітсің!
Жаса, досым-ай! [5, 130 б.].

Бауыржан ерлігінің жұрт мойындаған куәсіндей оқиғалар поэманың өн бойына өзек болып тартылған.

Ал мына өлеңді ақын Оспанәлі Иманәлиев 1980 жылдары жазған:

Бауыржан батыр аға сұңқар тұлға,
Алқынбас болат тұяқ тұлпар сында.
Қазақтың бақыты үшін туа салған
Татитын жалғыз өзі ұл ғой мыңға.

Өткенде жаудың бізге кек, ылань,
Халқымның қарсы тұрды көп ұлань.
Бауыржан соның бірі – Алпамысым,
Бауыржан – заманымның Қобыланы.

Танытып қазақ деген батыр елді,
Ол мығым тұғырынды отыр енді.
Күлкісі ұрпағының
Жаңа – жаңа
Жарасын жазып келе жатыр енді... [6, 28 б.].

Ақын Баукеңнің тұлғасын заманымыздың Алпамысы мен Қобыланды батырларына теңей отырып, бүгінгі күн шындығынан алыс кетпейді. Батыр бабалар рухын бойына дарытқан бүгінгі заман батыры екенін нақты да дәл береді.

Аңдатпа. Мақалада автор қазақтың белгілі ақындары қаһарман каламгерді өз шығармаларына арқау етіп, образын сомдап, ерлігін жырлады. Өлеңдер мен поэмалары арқылы талдау жасалынды.

Әдебиет:

1. Ондасынов, Н. Ой маржандары. – Алматы, 1992. – 156 б.
2. Нұршайықов, Ә. Ақиқат пен аңыз. Роман-диалог. Екінші басылым. – Алматы: Жазушы, 1978. – 360 б.
3. Сейітов, С. Өлеңдер. – Алматы: Жалын, 1990. – 350 б.
4. Мақатаев, М. Жырлайды жүрек. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 496 б.
5. Рашев, М. Дәуір дастан. поэмалар балладалар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 360 б.
6. Иманәлиев, О. Жаннат жер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 155 б.

МАЗМҰНЫ

Құттықтаулар	3
Ректордың құттықтау сөзі	10
Пленарлық мәжіліс материалдары	18
Секциялық мәжіліс материалдары	101
Журналист Жұмабек Кенжалиннің қойын дәптерінен	168

ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТИ
ЮНЕСКО, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ
ҚОҒАМДЫҚ МЕДИА КАФЕДРАСЫ
«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІ

**I Кенжалин оқулары аясында өтетін дәстүрлі
«ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ
АҚПАРАТТЫҚ ҮДЕРІСТЕР:
БАҚ менеджменті мен маркетингі және PR»
атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

30 сәуір 2021 жыл

Компьютерде беттеген *А. Дәулеткеді*
Мұқаба дизайны *М. Семей*

ИБ номер: 15155

Басуға 13.12.2021 жылы қол қойылды. Формат 60x84 ¹/₁₆.

Көлемі б. т. Тапсырыс №:12389. Таралымы 50 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.